

Бекітемін: С.Қоқыбасов

Сыныбы: 8-10

Тақырыбы: "Күз ханшайымы мен ханзадасы"

Мақсаты: Жас ұрпаққа қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды және күз кереметтілігін нақты айқындап ашуға, табиғатты сүйуге, сақтауға үйрету.

Оқушылардың әртістік қабілетін, өзгешеліктерін дамыту, инабатты, иманды, іскер, мәдениетті, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Көрнекілігі: «Алтын күз» атты плакат, жапырақ, гүлдерден жасалған декоративті композициялар, «Ең әдемі гүл шоғы» атты көрме, табиғат өнімдерінен жасалған макеттер.

Іс – шараның барысы:

Жүргізуші: Қайырлы кеш достар!

Армысыздар ағайын, құрбы – құрдас,

Бармысыздар жан күйер, өз қауымдас.

Бүгінгі кеш әуенін біз бастайық

Сайыста көңілменен қол соғайық! – дей келе, құрметті көрермендер бүгінгі дәстүрлі Күзгі балл кешіне қош келдіңіздер!

Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Біздің бұл байқауға жиналып отырған мақсатымыз бүгінгі «Күзгі бал» сайысының «Ханзадасы» мен «Ханшайымын» іріктеп шығару.

Аққудай әдеміміз, сұлу жанбыз,

Әр үйде шығатұғын жаңа таңбыз.

Жан сұлуымен тән сұлуын тепе – тең ғып,

Еріксіз өзімізге қаратармыз, - дей отырып ортаға қатысушы жұптарды шақырамыз.

8А-Исатайұлы Нұрислам, Балабек Диана

8Б- Жұмабек Руслан, Кеңес Нұрай

9А-Мұсабек Аслан, Дастанбекқызы Жаннұр

9Б-Сәулебай Ұлан, Бағланқызы Айханым

10А-Мұсабек Ақәділ, Тұрғанбай Динара

10Б-Жиенбай Саят, Абдықайыр Жаннұр

Жүргізуші:

Әділ – қазы береді,

Өздеріне сыйлықты.

Бізге айтып береді,

Кім өнерші, кім мықты? – деп, әділ – қазы алқасымен таныстырып өтейік.

Әділ – қазылар мүшелері:

1.Төреханова Гүлсана (мәдениет үйінің маманы)

2.Тұяқбаева Лаззат (еңбек пәні мұғалімі)

3.Есболов Әуез (музыка пәні мұғалімі)

Көп сөйлеп жөн – жобадан аспайық біз,

қандай сайыс болса да, қашпайық біз.

Ал, енді сіздер рұқсат етіңіздер,

Қанекей, жұптар сайысын бастайық біз.

Ендеше сайыскерлерімізге сәттілік тілеп байқау шарттарымен таныстырып өтелік:

1. Кел танысайық (таныстыру музыкамен, плакат, эмблема)

2. Күз сыйы (күзгі дақылдардан қолөнер, экибана жасау)

3. Пародия (әншіге, жарнамаға, киноға т. б.)

4. КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ күзгі киім үлгісі

5. Ханшайым мен Ханзада балдық би кеші.

Ендеше алғашқы сайысымызды бастаймыз «Таныстыру» сайысы! Ортада 1 – ші жұп!

Жүргізуші:

Он саусақтан өнер тамған шебер болу керемет,

Өлең айтып, би билеп, жасап жатсаң текемет,

Өнерінді көрсетші құрбыларым, қанекей,

Жұптарға сөз берелік біз жекелеп, дей келе **«Күз сыйы» сайысын бастаймыз!**

Алғашқы жұп.

Жүргізуші: Пародия сайысы бұл сайыста қатысушылар әншіге жарнамаға немесе киноға пародия жасайды 1-қатысушы 8А сынып оқушылары

Жүргізуші:

Арулар неткен сымбатты,

Ғажайып нұрға бөленген.

Алтын күзге үн қатты

Сәнді киім түрімен,-дей келе **4-ші сайысымыз Күз ханшайымы мен ханзадасының күздік сән үлгісі**

Бұл сайыста қатысушылар өз қолдарынан жасалған күзгі үлгідегі сән үлгілерін жасап, көрсетуі керек.

Жүргізуші: Ең соңғы сайысымыз "Күз ханшайымы мен ханзадасының балдық биі"

Жүргізуші: Жеңістер мен жеңілістен тұратын,

Өмір күрес, жеткізе мұратын.

Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімегім,

Қатысу да бір жеңіс, жаң болсаң сең ұғатын.

«байқауын қорытындылау үшін әділ қазылар алқасына аз ғана уақыт береміз!

Жүргізуші: Ортада 9 б сыныбының атынан қолдау биі

Ендігі кезек әділ қазыларда!

Жүргізуші:

Осылайша «Күзгі бал» сайысы өз мәресіне жетті. «Күзгі бал - 2022» байқауының жеңімпаздары -- Бас жүлде: 8 б сыныбы Жұмабек Руслан мен Кеңес Нұрай құтты болсын. Ең бастысы жоғарыда айтып кеткенімдей біздің бұл байқауға жиналып отырған мақсатымыз бүгінгі «Күзгі бал» сайысының «Ханзадасы» мен «Ханшайымын» іріктеп шығару. Олай болса олар да анықталды.

«Күз ханзадасы»: Кеңес Нұрай

«Күз ханшайымы»: Жұмабек Руслан

Жүргізуші: Осымен «Күзгі бал» атты кешіміз аяқталды! Көріскенше, қош - сау болыңыздар!

Алтын күз мерекесіне арналған «Берекелі алтын күз» іс – шаралар жоспарына сәйкес өткізілген «Күз ханшайымы мен ханзадасы» тақырыбындағы танымдық-сауықтық байқауының

Анықтамасы

Жоспарға сәйкес 8-10 сыныптар арасында «Күз ханшайымы мен ханзадасы» тақырыбында танымдық-сауықтық байқауы өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпаққа қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды және күз кереметтілігін нақты айқындап ашуға, табиғатты сүйуге, сақтауға үйрету. Оқушылардың әртістік қабілетін, өзгешеліктерін дамыту, инабатты, иманды, іскер, мәдениетті, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Сайысқа әр сыныптан бжұп қатысып бес тапсырма бойынша өз өнерлерін көрсетті. Оқушылар бойындағы бар өнерлерін ортаға салды.

Байқау нәтижесінде 8"б" сыныбы оқушылары Жұмабек Руслан мен Кеңес Нұрай «Күз Ханшайымы мен Ханзадасы» атанды.

